

Осы жарияланым банктер мен олардың депозиттік өнімдерінің жарнамасы болып табылмайды, осыған байланысты банктердің атаулары жарияланбайды.

Бұл мониторинг депозиттердің түрлері және мөлшерлемелері туралы жалпы ақпарат беруге бағытталған. Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры (ҚДКБҚ, Қор) алдарыңыздағы деректердің қаншалықты дәл, толыққанды, шынайы және өзекті екендігіне кепілдік бере алмайды. Өйткені олар екінші деңгейдегі банктердің сайттарына жасалған мониторинг негізінде алынған. Сонымен банк салымы шартын жасамай тұрып, таңдау жасалған банк туралы ақпараттарды нақтылап, пысықтап алу қажет. Тағы да еске саламыз, банктегі таңдап алынған салымға ақша салмай тұрып, сол депозиттің табыстылығы ғана емес, банктің өзінің қаржылық ахуалы қандай екендігін ескерген дұрыс болады. Мәлімет үшін: ҚДКБҚ сайтында банктердің рейтингі туралы ақпарат та жарияланған (<https://kdif.kz/kz/finansovaya-gramotnost/rating/>). Бұл банктер – Қазақстанның депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы қаржы институттары. Ал рейтингтерді халықаралық рейтингтік агенттіктер берген. Жинақ ақша туралы саналы шешім қабылдау үшін ҚДКБҚ шарттың талаптарын, оның ішінде депозитті толықтыру, одан қаражатты мерзімінен бұрын толық және ішінара алу талаптарын мұқият оқуға

Жеке тұлғалардың теңгелік депозиттері бойынша сыйақы мөлшерлемелері (депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің сайттарына жүргізілген мониторинг негізінде)

Банктердің сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру барысына жасалған шолу

2026 жылдың 31 тамызына қарасты қалыптасқан деректер

Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры (ҚДКБҚ, Қор) әрбір банк өзінің депозиттік өнімдері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін өзінің ішкі депозиттік саясатына сәйкес белгілейтіндігін хабарлайды. Сонымен қатар банктердің шешіміне Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі мен нарықтың басқа да қатысушыларының мөлшерлемелерінің өзгеруі, сондай-ақ халық депозиттерін тарту мен ақшалай қор жасау бойынша шығыстар арасындағы теңгерімді сақтау қажеттілігі де әсер етеді¹.

Ұлттық Банк 2026 жылдың 24 шілдесінде базалық мөлшерлемені кезекті рет 0,25 пайыздық тармаққа (п.т.) төмендеткеннен кейін, ол 16,75% деңгейінде қалыптасты. Бұдан соң, тамыз айында 11 банк депозиттер бойынша мөлшерлемелерді қайта қарады. Бұл ретте маусым-шілдеде ең көп қайта қараулар саны жинақ салымдар бойынша орын алса, тамыз айында мерзімсіз салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемелері төмендеді.

¹ халықтың депозиттерін тартудың агрессивті саясатын шектеу үшін Банктер ҚДКБҚ-ға жүйелік тәуекел үшін жарна төлейді, оның мөлшері банктің орташа мөлшерлемесінің нарықтық мөлшерлемеден асып кету дәрежесіне және тарту көлеміне байланысты болады

Депозит нарығындағы сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруі:

Депозиттің түрі	Өзгерістер		
	▲ (мөлшерле мелердің өсуі)	▼ (мөлшерле мелердің төмендеуі)	▲ ▼ (мерзімдер бөлінісіне қарай, мөлшерлемелердің әртүрлі бағытта қайта қаралуы)
Мерзімсіз	1 банк	4 банк	-
Толықтыру құқығы бар мерзімді	-	3 банк	-
Толықтыру құқығы жоқ мерзімді	-	-	-
Толықтыру құқығы бар жинақ салымдар	1 банк	5 банк	-
Толықтыру құқығы жоқ жинақ салымдар	-	3 банк	1 банк
Мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер	-	-	-



Мерзімсіз депозиттер²

Мерзімсіз депозиттер қаражатты өте икемді басқаруға мүмкіндік береді: егер шотта азайтылмайтын, яғни алынбайтын қалдық қалатын болса, үстінен ақша салуға және алуға болады. Сыйақы жойылмайды немесе шамалы ғана азайтылады.

2026 жылдың тамыз айындағы маңызды көрсеткіштер:

Көрсеткіш	Мәні
Сегменттегі банктер	17
Мөлшерлемелерін өзгерткен банктердің саны	5
Максималды мөлшерлеме	15,95%
Минималды мөлшерлеме ³	12,60%
Орташа мөлшерлеме	14,08%

Базалық мөлшерлеме алғаш рет маусым айында азайтылған соң, негізінен сыйақы мөлшерлемелері бойынша өзгерістер мерзімді және жинақ салымдарда орын алған еді. Реттеушінің кезекті шешімі банктердің ақшалай қор жасау құнының төмендеуіне қатысты нарықтың болжамын растай түсті. Айталық, мерзімсіз салымдар сегментінде мөлшерлемелерді қайта қарау белсенділігі артты: егер бұған дейінгі айда тек 1 банк қана мөлшерлемелерді қайта қараса, тамыз айында өзгерістер 5 банкте тіркелді (4 банк табыстылықты азайтса, 1 банк керісінше көтерді). Максималды мөлшерлемелердің 0,9 п.т.-қа және орташа мөлшерлемелердің 0,1 п.т.-қа төмендеуі базалық мөлшерлеме бойынша шешімдердің біртіндеп жеке тұлғаларға тиесілі мерзімсіз сегментке ойыса бастағанын көрсетеді.

Банктер	Шілде, 2026	Тамыз, 2026	Өткен айдан бергі өзгерістер (п.т)
1 Банк	15,95	15,95	-
2 Банк	16,90	15,90	-1,00↓

² мерзімдік талаптарға сәйкес келмейтін депозит - белгіленген мөлшерлеме бойынша депозит, талап еткенге дейінгі депозиттерді қоспағанда оны мерзімінен бұрын алу үшін айыппұл жеке тұлғалардың қайтадан тартылған депозиттері бойынша максималды сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін анықтау және бекіту әдістемесінде көзделген ең төменгі айыппұлдан төмен болады немесе мүлдем болмайды

³ іріктемеге инфляция деңгейінен төмен мөлшерлеме ұсынатын 2 банктің депозиттік мөлшерлемелері енгізілмеді

3 Банк	15,14	15,72	+0,58 ↑
4 Банк	15,60	15,60	-
5 Банк	15,51	15,51	-
6 Банк	15,50	15,50	-
7 Банк	15,35	15,35	-
8 Банк	15,50	15,16	-0,34↓
9 Банк	15,00	15,00	-
10 Банк	15,90	15,00	-0,90↓
11 Банк	15,00	15,00	-
12 Банк	15,00	15,00	-
13 Банк	14,70	14,50	-0,20↓
14 Банк	13,00	13,00	-
15 Банк	12,60	12,60	-
16 Банк	8,80	8,80	-
17 Банк	5,72	5,72	-
Орташа мөлшерлеме	14,19	14,08	-0,11↓



Мерзімді депозиттер⁴

Мерзімді депозит – бұл жинақ және мерзімсіз салымдар арасындағы ымыралы нұсқа: мұнда мерзімсіз салымға қарағанда едәуір жоғары пайыздық мөлшерлеме ұсынылады және талаптары қаражатты басқаруда жинақ салымдарға қарағанда едәуір икемді. Яғни, ақшаны сақтау және молайту үшін тартымды қаржы құралы. Мерзімді салымдардың белгіленген мерзім барысында үстінен ақша салуға болатын және болмайтын түрлері бар.

Толықтыру құқығы бар мерзімді салымдар

2026 жылдың тамыз айындағы маңызды көрсеткіштер:

Көрсеткіш	Мән
Сегменттегі банктер	7
Мөлшерлемелерін өзгерткен банктердің саны	3
Максималды мөлшерлеме	3 айға 19,00%
Минималды мөлшерлеме	24 және одан да жоғары айларға 5,00%
Орташа мөлшерлеме	15,11%

Толықтыру құқығы бар мерзімді салымдар сегментінде 7 банк көрсетілген, 1 орташа банк тамыз айынан бастап өз желісінен осы өнімді алып тастады. Қазіргі уақытта бұл сегмент салымшылар үшін тартымды болып отыр. Өйткені бәсекеге қабілетті мөлшерлемелер ұсынады әрі жинақ ақшаға қол жеткізу бойынша шектеулер жинақ салымдарға қарағанда қатаң емес.

Тамызда 3 банк өздерінің толықтыру құқығы бар мерзімді салымдары бойынша мөлшерлемелерді төмендетті және бұл ретте барлық өзгерістер 3 және 6 айлық мерзімдерді қамтыды. Нарықтың ірі қатысушыларының бірі

⁴ Мерзімділік талабына сәйкес келетін депозит – жеке тұлғалардың жаңадан ашылған депозиттері бойынша максималды сыйақы мөлшерлемелерінің мөлшерін анықтау және белгілеу әдістемесінде қарастырылған, шарттың талаптары бойынша Әдістемеде көзделген ең төменгі айыппұлдан кем емес мөлшерде мерзімінен бұрын алу үшін айыппұл салатын, сыйақы мөлшерлемесі тиянақталған депозит

табыстылықтың ең жоғары шегін 1 п.т.-қа (20,00%-дан 19,00%-ға дейін) төмендетті. Бұл нарықта айрықша уақиғаға айналды. Жалпы өткен үш ай ішінде мөлшерлемелердің төмендеу үрдісі осы сегменттегі барлық банктерді қамтыды.

Банк	Шілде, 2026, %					Тамыз, 2026, %					Өткен айдан бергі өзгерістер (п.т)				
	3 а.	6 а.	12 а.	24 а.	>24 а.	3 а.	6 а.	12 а.	24 а.	>24 а.	3 а.	6 а.	12 а.	24 а.	>24 а.
1-Банк	19,00	18,00	14,01	5,00	5,00	19,00	18,00	14,01	5,00	5,00	-	-	-	-	-
2-Банк	18,90	16,70	16,10	-	-	18,86	16,65	16,08			-	-	-	-	-
3-Банк	15,90	18,20	16,00	-	-	14,80	17,70	16,00			1,10↓	0,50↓	-	-	-
4-Банк	20,00	-	-	-	-	19,00					1,00↓	-	-	-	-
5-Банк	14,93	15,85	15,51	13,35	-	14,93	15,85	15,51	13,35		-	-	-	-	-
6-Банк	18,51	16,50	15,50	-	-	18,25	16,50	15,50			0,26↓	-	-	-	-
7-Банк	19,00	18,50	15,00	5,10	-	19,00	18,50	15,00	5,10		-	-	-	-	-
Орташа мөлшерлеме	18,03	17,29	15,35	7,82	5,00	17,69	17,20	15,35	7,82	5,00	0,34↓	0,09↓	-	-	-

Толықтыру құқығы жоқ мерзімді депозиттер

2026 жылдың тамыз айындағы маңызды көрсеткіштер:

Көрсеткіш	Мәні
Сегменттегі банктер	1
Мөлшерлемелерін өзгерткен банктердің саны	0
Максималды мөлшерлеме	3 айға 18,01%
Минималды мөлшерлеме	24 айға 12,20%

Толықтыру құқығы жоқ мерзімді депозиттер сегменті белсенділігі ең төмен сегмент болып қалуда. Салымшыларды әсіресе үстінен ақша салуға болатын және оңтайлы басқаруға мүмкіндік беретін депозиттер және ең жоғары табыстылық ұсынатын жинақ салымдар қызықтыруда. Нәтижесінде тек бір ғана банк жеке тұлғаларға осы өнімді ұсынуда. Ол бойынша мөлшерлемелер тамыз айында да, оған дейінгі айда да өзгерген жоқ.

Банк	Шілде, 2026, %					Тамыз, 2026, %					Өткен айдан бергі өзгерістер (п.т)				
	3 а.	6 а.	12 а.	24 а.	>24 а.	3 а.	6 а.	12 а.	24 а.	>24 а.	3 а.	6 а.	12 а.	24 а.	>24 а.
1-банк	18,01	17,80	15,70	12,20	-	18,01	17,80	15,70	12,20	-	-	-	-	-	-



Жинақ депозиттер

Жинақ депозиттер – салған ақшаны мерзімі аяқталғанша алуға болмайтын депозит. Бұл салған ақшасын мерзімі аяқталғанша алмауды жоспарлаған адамдар үшін өте тиімді салым. Алған жағдайда шот жабылады, сыйақы толығымен дерлік жойылады. Ал ақша 30 күннен кейін ғана беріледі. Жинақ салымдардың белгіленген мерзім барысында үстінен ақша салуға болатын және болмайтын түрлері бар.

Толықтыру құқығы бар жинақ депозиттер

2026 жылдың тамыз айындағы маңызды көрсеткіштер:

Көрсеткіш	Мәні
Сегменттегі банктер	12
Мөлшерлемелерін өзгерткен банктердің саны	6
Максималды мөлшерлеме	3 айға 20,00%
Минималды мөлшерлеме	24 айға 5,00%
Орташа мөлшерлеме	14,70%

Тамызда толықтыру құқығы бар жинақ депозиттер сегментінде банктердің ақшалай қор жасау жағдайының өзгеруіне бейімделуі және халықтың қаражатын тарту бағасының біртіндеп төмендеуі жалғасты. Айталық, 6 банк мөлшерлемелерді қайта қарады, олардың бесеуі қысқа мерзімге де, ұзақ мерзімге де төмендетті.

Нәтижесінде сегментте максималды мөлшерлеме 0,5 п.т.қа қысқарды, бірақ бәрібір жоғары – 20,0% деңгейінде қалуда. Бұл салымшылар үшін өнімнің тартымдылығын сақтайды. Өткен үш айдың қорытындысы бойынша сегменттегі банктердің үштен екісі өздерінің толықтыру құқығы бар жинақ депозиттері бойынша табыстылықты қайта қарады. Енді мөлшерлемелердің алдағы уақыттағы өзгеру серпіні реттеушінің базалық мөлшерлеме бойынша шешіміне, сондай-ақ сыйақы мөлшерлемелерінің азаю үрдісінің сегментке қатысушыларға қаншалықты таралатындығына байланысты.

Банк	Шілде, 2026, %					Тамыз, 2026, %					Өткен айдан бергі өзгерістер (п.т)				
	3 а.	6 а.	12 а.	24 а.	>24 а.	3 а.	6 а.	12 а.	24 а.	>24 а.	3 а.	6 а.	12 а.	24 а.	>24 а.
1 Банк	20,02	18,34	14,51	7,90	7,90	19,03	18,34	14,51	7,90	7,90	0,8↓	-	-	-	-
2 Банк	20,50	19,00	15,00	-	-	19,60	19,00	15,00			0,9↓	-	-	-	-
3 Банк	19,56	18,50	13,80	-	-	19,56	18,50	13,80				-	-	-	-
4 Банк	19,00	18,00	14,01	5,00	-	19,00	18,00	14,01	5,00		-	-	-	-	-
5 Банк	18,00	18,00	15,00	5,10	-	18,00	18,00	15,00	5,10		-	-	-	-	-
6 Банк	19,50	17,52	14,47	8,23	-	19,50	17,84	14,47	8,23		-	0,3↑	-	-	-
7 Банк	19,00	19,00	14,50	8,00	8,00	19,02	19,02	14,51	8,00	6,40	-	-	-	-	1,6↓
8 Банк	19,50	18,60	16,30	5,75	-	19,00	16,80	15,90	5,75		0,5↓	1,8↓	0,4↓	-	-
9 Банк	15,90	16,10	14,70	7,20	7,20	15,80	15,90	14,50	7,20	7,20	0,1↓	0,2↓	0,2↓	-	-
10 Банк	20,00	19,00	14,50	-	-	20,00	19,00	14,50			-	-	-	-	-
11 Банк	-	16,65	-	-	-		16,65				-	-	-	-	-
12 Банк	16,70	14,90	14,90	-	-	16,65	14,93	14,93			-	-	-	-	-
Орташа мөлшерлеме	18,88	17,80	14,70	6,74	7,70	18,67	17,67	14,65	6,74	7,17	0,2↓	0,1↓	0,1↓	-	0,5↓

Толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер

2026 жылдың тамыз айындағы маңызды көрсеткіштер:

Показатель	Значение
Сегменттегі банктер	15
Мөлшерлемелерін өзгерткен банктердің саны	4
Максималды мөлшерлеме	3 айға 20,50%
Минималды мөлшерлеме	24 айдан жоғары айларға 6,30%
Бүкіл сегмент бойынша орташа мөлшерлеме	15,33%

Толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер сегментінде соңғы үш айдың ішінде мөлшерлемелерді қайта қарау барынша белсенді түрде жүргізілді. Жеке тұлғаларға арналған депозит нарығының анағұрлым табысты құралы бола отырып, бұл сектор реттеушінің монетарлық талап-шарттарды өзгерткеніне бірінші болып елең етті. Әсіресе мөлшерлемелер маусым айында көп қаралды: бірден 9 банк оларды төмендетті. Оның үстіне базалық мөлшерлеме биылдыққа алғаш рет осы айдар төмендетілген болатын. Шілде айында бұл үрдісті тағы 2 банк жалғастырды, ал тамыз айында тағы 4 банк мөлшерлемелерді өзгертті. Нәтижесінде өткен үш ай ішінде сегменттің барлық дерлік қатысушылары мөлшерлемелеріне түзету енгізді десе де болады. Тек 2 банктің ғана мөлшерлемелері өзгермеді. Өйткені олардың мөлшерлеме деңгейі о баста орташа нарықтық деңгейден төмен болған еді.

Табыстылық деңгейінің төмендеу үрдісі жалғасып жатқандығына қарамастан, толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер сегментінде әлі де ең жоғары мөлшерлемелер сақталуда. Айталық, тамызда максималды табыстылық жылдық 20,50% деңгейінде сақталды. Бұл талап-шартты кішігірім банктердің бірі ұстап тұр. Ақшалай қор жасау бағасының бұда әрі қарай түсуі ықтимал болғандықтан, банктер үшін ұзақ мерзімді салымдар бойынша жоғары табыстылықты ұстап тұру тиімді емес. Осыған байланысты тамыз айында банк 6 айлық мерзім бойынша мөлшерлемені төмендетті, ал жылдық 20,50%-дық максималды табыстылық 3 айлық мерзімге ауыстырылды.

Жинақ салымдар бойынша табыстылықтың жоғары болатын себебі, мұнда салымшыларға қатаң талаптар қойылады, яғни салымды толықтыруға және одан мерзімі аяқталғанша ақша алуға болмайды. Ал егер салымшы ақшасын мерзімінен бұрын талап етсе, шоты толығымен жабылады. Ал ақшасы салымшы оны талап еткен күннен бастап, күнтізбелік 30 күннен кейін беріледі. Бұл ретте сыйақысы толығымен дерлік жойылады. Мұндай талаптар банктер үшін өтімділік тәуекелін азайтады және оларға көтеріңкі сыйақы ұсынуға, ал салымшыларға табыстылықты тұрақты бекітуге мүмкіндік береді. Бұл салымдардың табыстылығы инфляцияның ағымдағы деңгейінен екі есеге жуық жоғары. Оған қоса, ҚДКБҚ тарапынан 20 млн теңгеге дейін берілетін жоғары кепілдік бұл қаржы құралының инвестициялық тартымдылығын арттыра түседі.

Банк	Шілде, 2026, %					Тамыз, 2026, %					Өткен айдан бергі өзгерістер (п.т)				
	3 а.	6 а.	12 а.	24 а.	>24 а.	3 а.	6 а.	12 а.	24 а.	>24 а.	3 а.	6 а.	12 а.	24 а.	>24 а.
1 Банк	18,02	18,52	17,00	11,30	11,30	18,02	18,52	17,00	11,30	11,30	-		-	-	-
2 Банк	18,00	17,20	14,90			18,04	17,23	14,90			-	-	-	-	-
3 Банк		18,50	15,00	10,00			18,50	15,00	10,00		-	-	-	-	-
4 Банк	17,92	17,23	16,04	11,24	10,47	17,92	17,23	16,04	11,24	10,47	-	-	-	-	-
5 Банк	17,00	17,51	14,50	10,00	8,00	17,00	17,51	14,50	10,00	8,00	-	-	-	-	-
6 Банк	19,00	19,00	16,00	12,20	6,40	19,02	19,02	16,00	12,20	6,40	-	-	-	-	-
7 Банк	18,00	18,50	16,87	12,38	7,43	18,00	18,50	16,87	12,38	7,43	-	0,3↓	-	-	-
8 Банк	18,01	17,00	16,00	12,85			17,00	16,00	12,85		-	-	-	-	-
9 Банк	15,90	16,10	15,90	11,60	9,40	15,80	15,90	15,60	11,60	9,40	0,1↓	0,2↓	0,3↓	-	-
10 Банк	19,50	17,80	15,70	12,20		19,50	17,80	15,70	12,20		-	-	-	-	-
11 Банк	20,00	19,30	17,00	15,00	6,30	19,20	18,30	17,00	15,00	6,30	0,8↓	1,0↓	-	-	-
12 Банк	17,92	18,16				17,92	18,16				-	-	-	-	-
13 Банк	20,00	20,50	15,90	13,00		20,00	20,50	15,90	13,00		0,5↑	1,5↓	-	-	-
14 Банк	18,30	18,50	16,00			18,30	18,50	16,00			-	-	-	-	-
15 Банк						19,10	16,90	16,00							
Орташа мөлшерлеме	18,27	18,13	15,91	11,98	8,47	18,29	17,97	15,89	11,98	8,47	0,02↑	0,16↓	0,01↓	-	-



Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер

Сыйақы мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер – бұл пайыздық мөлшерлемесі тиянақты бекітілмеген және салым шартының мерзімі барысында өзгеруі мүмкін салымдар. Сыйақыларды есептеу механизмі екі элементтің негізінде жасалады: базалық көрсеткіш, мысалы Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі және тиянақталған үстеме (спред). Банк пайыздық спредтің шамасын шарт жасау барысында тиянақтайды және пайыздық спредтің мөлшерін арттыру және (немесе) салым мерзімін ұзарту жағдайын қоспағанда, өзгертуге жатпайды.

2026 жылдың тамыз айындағы маңызды көрсеткіштер:

Көрсеткіш	Мәні
Сегменттегі банктер	3
Мөлшерлемелерін өзгерткен банктердің саны	1
Максималды мөлшерлеме	16,01%
Минималды мөлшерлеме	14,76%
Максималды спред	-1,90
Минималды спред	-2,98
Бенчмарк (ҚРҰБ базалық мөлшерлемесі)	16,75%
Орташа мөлшерлеме	15,56%

Мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер сегментінде ұсыныстар саны шектеулі болып тұр. Дегенмен, тамыз айында тағы 1 банк мұндай өнімді өз желісіне қосты. Шілде айында базалық мөлшерлеме 0,25 п.т.-қа төмендеген соң, банктердің бірі теріс спредті осындай шамаға қысқартты. Базалық көрсеткіштің өзгергеніне

қарамастан, бұл әрекет депозит бойынша табыстылықты бұрынғы деңгейінде сақтауға мүмкіндік берді.

Банк	Шілде, 2026, %					Тамыз, 2026, %					Өткен айдан бергі өзгерістер (п.т)				
	3 а.	6 а.	12 а.	24 а.	>24 а.	3 а.	6 а.	12 а.	24 а.	>24 а.	3 а.	6 а.	12 а.	24 а.	>24 а.
1 Банк			14,76 (спред -2,98)					14,76 (спред -2,98)							
2 Банк			15,90 (спред -2,24)					15,90 (спред -1,99)					Спред- +0,25 ↑		
3 Банк							16,01 (спред-1,9)								
Орташа мөлшер леме			15,33				16,01	15,33							

Тұжырымдар

Мониторингтің нәтижесі 2026 жылдың тамызында жеке тұлғаларға тиесілі депозиттер бойынша талап-шарттардың белсенді түрде қайта қаралғандығын көрсетті. Мөлшерлемелерді қайта қараудың алғашқы толқыны маусым айында базалық мөлшерлеме алғаш рет төмендетілген соң орын алған еді. Шілдеде екпіні аздап бәсеңдеді: бірқатар банктер әліптің артын бағуды жөн көрген секілді. Олар реттеушінің келесі қадамдарын, инфляцияның серпінін және бәсекелестердің әрекеттерін бағалады. Өйткені Ұлттық Банк базалық мөлшерлеменің алдын ала белгіленген траекториясын берген жоқ және үзілістердің және инфляцияның нақты серпініне қарай шешімдер бағытының өзгеруі мүмкін екендігін алға тартты⁵. Сонымен бірге кейіннен базалық мөлшерлеменің шілде айында 0,25 п. т. (16,75%-ға дейін) төмендеуі нарыққа серпін берді.

Содан тамыз айында мөлшерлемелердің ақша нарығының жаңа талап-шарттарына бейімдеу процесі жаңа күшпен қайта басталды. Осыны ескере отырып, егер маусымда 10 банк мөлшерлемелерін қайта қараса, шілде айында бар болғаны 4 банк қайта қарады. Ал тамызда 11 банк түзету енгізді. Бұл ретте тамызда өзгерістер кең сипатқа ие болды. Ол жинақ, мерзімді және мерзімсіз салымдарға да әсер етті. Бұл ақша-кредит саясаты сигналының біртіндеп бөлшек саудалық депозит нарығына таралып жатқандығын білдіреді. Банктер өздерінің барлық өнімдік желісінде салымдарды тарту талаптарын теңдестіруге кірісті.

Депозит нарығында табыстылықтың жалпы төмендеу үрдісі қалыптасқанына қарамастан, жекелеген сегменттерде мейлінше жоғары пайыздық мөлшерлемелер сақталуда. 20,0-20,5%-дық максималды мөлшерлемелер деңгейі жинақ салымдар бойыша сақталуда. Мұндай құралдар жеке тұлғалардың қызығушылығын тудырады. Олар өздерінің жинақ ақшаларын белгілі мерзімге орналастыруға дайын және мерзімінен бұрын алу немесе толықтыру туралы опцияның болмайтындығымен келіседі. Ең бастысы сыйақы жоғары болса болғаны. Бұл салымшыларға қысқа және ұзақ мерзімдерде тартымды сыйақы мөлшерлемелерін

⁵ «Базалық мөлшерлемені 16,75%-ға дейін төмендету туралы» Ұлттық Банктің баспасөз релизі, 24.07.2026 ж., <https://nationalbank.kz/ru/news/press-relizy/19982>

бекітуге мүмкіндік береді. Өз кезегінде бұл инфляция бәсеңдеген шақта жоғары табыстылықты қамтамасыз етеді (2026 жылдың шілдесіндегі 10,2%-бен салыстырғанда тамызда 9,8%).

Қысқа мерзімді келешекте, Ұлттық Банктің 2026 жылғы 4 қыркүйектегі шешіміне сәйкес базалық мөлшерлеменің кезекті рет төмендеуін ескере отырып, бөлшек саудалық депозиттердің табыстылығының төмендеу үрдісінің сақталуы күтіледі. Бұл процесс біртіндеп жүруі мүмкін. Өйткені банктер негізгі түзетулерді бұған дейінгі үш айдың ішінде жасап қойды. Сондықтан нарық бірқалыпты нүктелік түзету фазасына өтеді. Жеке тұлғалардың салымдары бойынша баға белгіленімінің бұдан кейінгі векторы реттеушінің монетарлық талаптарына тікелей тәуелді болады. Базалық мөлшерлеме бойынша келесі жоспарлы шешім 2026 жылдың 23 қазанында шығарылады.

ҚДКБҚ өз кезегінде тағы да еске салады: депозиттік өнімдерді таңдау барысында салымшылар сыйақы мөлшерлемесін ғана емес, банктің қаржылық орнықтылығын да ескергендері жөн. Банк салымы шартына қол қоймай тұрып, оның талаптарымен мұқият танысып шығуға, депозитті толықтыру және одан ақшаны мерзімінен бұрын ішінара немесе толықтай алу, келесі мерзімге автоматты түрде ұзартылу мүмкіндіктеріне, ҚДКБҚ кепілдігінің мөлшеріне және салымның басқа да маңызды талаптарына көңіл бөлуге кеңес береміз.

ҚДКБҚ кепілдіктерінің бар екендігінің арқасында депозиттер – жинақ ақшаны сақтау және молайту жолында сенімді және қолжетімді қаржы құралы болып қалуда. ҚДКБҚ тағы да еске салады, кепілді өтемнің мөлшері салымның түрі мен валютасына тікелей байланысты. Сәйкесінше ол:



теңгелік жинақ салымдар (депозиттер) бойынша – **20 млн теңгеден;**



теңгедегі басқа да салымдар, олардың ішінде ағымдағы шоттар мен төлем карточкалары бойынша – **10 млн теңгеден;**



шетел валютасындағы шоттар, олардың ішінде ағымдағы шоттар мен төлем карточкалары бойынша – **5 млн теңгеден** асырылмайды.

Егер салымшының бір банкте әрқалай валютада әртүрлі бірнеше салымы бар болса, сол банк лицензиясынан айырылған жағдайда Қор әрбір салым бойынша белгіленген максималды кепілдік сомасын ескере отырып, салымшыға жиынтық кепілді өтем төлейді. Бірақ оның мөлшері 20 млн теңгеден асырылмайды.